

ПАТШАҒА ЖАЗЫЛҒАН АЛТЫ ЖОЛ АРЫЗ НЕМЕСЕ ӘЛІМХАН ЕРМЕКОВТІҢ ЕСКЕРІЛМЕЙ ЖҮРГЕН ЕСТЕЛІГІ

Жағыпар Ә.Б. аға оқытушы, г.ғ.м.

Мәкен Ә.Б. оқытушы, г.ғ.м.

Муратова М.Б. аға оқытушы, г.ғ.м.

Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан

Тәуелсіздік пен қазақ ұлтын танудың тұғырнамасында алаштану тақырыбы жатыр. XX ғасырдың басындағы Алаш қайраткерлерінің шоғырын бастаған Әлихан Бөкейхан қазақ тарихында өшпес із қалдырды. Осы күнге дейін ғалымдар мен зерттеушілердің арқасында алаштану тақырыбында көптеген еңбектер және мақалалар жарыққа шықты. Алайда осы тақырып қазақ ұлтын тану болғандықтан архив құжаттары жаңа деректері және газет, журналдарда жарық көрген естеліктер мен мақалалардың ғылыми айналымға енуімен жалғаса береді. Алаштану ғылымында «Естелікте – ел тағдыры» жатқандығын үлкен еңбекпен дәлелдеген ғалым Сағымбай Жұмағұл болды. Тоталитарлық жүйе қылмысын айғақтайтын Алаш зиялыларының жарлары мен ұрпақтары, мұраттас серіктері мен ізбасар тұлғалардың, елшіл азаматтардың қанмен жазылған естеліктері тәуелсіздігімізді қастерлеуге, асылдарымызды бағалауға ой салады [1]. Сондықтан да осы мақаланы жазудағы біздің мақсатымыз, Алаш қайраткері Әлімхан Ермековтің зерттеушілер тарапынан ескерілмей жүрген «Патшаға жазылған алты жол арыз» атты естелігінің тарихи маңызы мен мәнін ашып көрсету.

Алаш қозғалысы, Алаш партиясы мен «Алашорда» үкіметінің жетекшілерінің бірі, қазақтың тұңғыш математигі, профессор Әлімхан Әбеуұлы Ермеков жайлы ғылыми танымдық бағытта жазылған көптеген еңбектер бар. Солардың ішінде академиялық басылым шығарған тарихшы ғалымдар Жанна Кыдыралина [2] мен Қанат Өскембаев [3] еңбектерінде әлімхантанудың басты негізгі ұстанымдары жарияланған болатын. Алаш қайраткерлерінің көзін көрген бірлі-жарымды тұлғалар ғана тоталитарлық режимнің тырнағынан аман қалған болатын. Аман қалды деген тұлғаның бірі Ә. Ермеков еді. Нақтылап айтсақ ату жазасынан аман қалғанымен түрме азабының машақатын көп көрген жан еді.

Әлімхан Ермеков өзі турасында өзінің заманы турасында талай естелік артынан қалдырып кетті. Сондай естеліктерді бізге жеткізген өзі де репрессия құрбаны Жайық Бектұров еді [4, 80-145 бб.] Алаштануда осы естеліктердің мәні жоғары деп санаймыз. Алайда біздің айтпағымыз бұл естелік емес.

Ә. Ермеков 1891-1970 жылдары өмір сүріп, артынан мол мұра қалдырған тұлға. Тұлғаны тануда жоғарыда аталған еңбектерден біз қарастырғалы отырған естелік мақаланы таба алмадық. Бұл естелікті жеткізген журналист Н. Мағзұмовтың көптеген мақалаларын сілтемемен тарихшы Қ. Өскембаев өзінің еңбегінде қолданғанымен, нақты осы мақала көзден тасада қалған [3, 10 б.]. Естелік 1990 жылы қаңтарда «Парасат» ай сайын шығатын қоғамдық-саяси, әдеби-көркем және суретті журналы 1 санында (№379) жарыққа шыққан екен [5, 17-21 бб.].

Әлімхан Ермековпен сұхбаттасып бізге жеткізген журналист, жазушы Нөгербек Мағзұмов: «Бұл әңгімені мен 1967 жылы халқымыздың атакты ұлы, белгілі ғалым, қазақтан шыққан тұңғыш математика профессоры – Әлімхан Әбеуұлы Ермековтан естіген едім.

Сұхбат барысында ол кісіден: «Атай, сіз Мәмбетәлі Сердалин жайлы білесіз бе?» – деп сұраған едім. Ол кісі маған жалт қараған күйі жымысып, әжімді жүзіне мейір-мерейі мол жылылық ұялап, біртүрлі ерекше тебіреніс-толғаныспен сөз бастаған.

– Қарғашым, осы қымбатты бір адамды есіме түсіріп отырсыз. Иә, ол кісі халқымыздың қимас, аяулы азаматы еді. Әрине, сіздер ол кісінің атын атаса-ақ шошып, ат-тондарыңызды ала қашасыздар. Өйтпеуге шараларыңыз да жоқ. Сіздердің саналарыңызға солай сипаттап, солай насихаттап сіңірген ғой. Ал бірақ тарихтың түбінде шындықтың бетін

ашып, ақиқатына көз жеткізеріне сенемін. Оны біз көре алмаспыз, бірақ сіздер көресіздер. Бұған кәміл сенемін, сонда «айтқаны келді-ау, сол кісінің» деп есіңізге мені де бір аларсыз, – деп Әлекең рахаттана бір күліп алды. Сосын бір сәт ойға шомып отырып қалды» [5, 17-18 бб.], – дейді.

Автордың айтып отырған дерегін нақтылай түссетін болсақ. 1967 жылы Алматы қаласында «Білім және еңбек» журналының редакциясында болған кездесу өтіп: «Біздің алдымызда егде тартқан адам отыр. Әппақ күмістей шашы бар. Рухы-асқар, меселдесі-мығым. Жігерлі көздерінде неше қилы өмір сынынан өткен зерделі адамның мейірімді оттары ұшқындайды. Бұл адам – қазақтың тұңғыш математик-профессоры. Қазақ тіліндегі тұңғыш жоғары математика курсының авторы. Революцияға дейін қазақ баласынан тұңғыш техникалық білім алған адамдардың бірі. Қазақтың түнек даласындағы тұңғыш сәуле шашқан жұлдыздарының бірі. Иә, бұл адамға қай жағынан қарасаңда ол тұңғыш. Тұңғышта тура жол жоқ. Ол қидалаң қиыннан жол салады. ...Ол адам Әлімхан Әбеу ұлы Ермеков» [6, 12 б.], – сол кездесу осы журналда жарияланған болатын. Автордың сипаттауынан соншама қиыншылықты көрген тұлғаның рухының сынбағанын көре аламыз.

Сол мақала жарияланғаннан кейінгі жағдай турасында журналист Әшірбек Амангелді: «Әсіресе, өсекқұмар жандайшаптар жайымен қарап жүрген бе? Сондай жағымпаздардың бірі жоғары жаққа: «Ойбай, мына «Білім және еңбек» журналының редакциясы «Алаш» өкіметінің көсемдерінің бірі болған Әлімхан Ермековпен кездесу өткізді. Бұлар ұлтшылдықты қоздырып, баяғы заманды көкसेп жүр» деп хабаралаған көрінеді. Сөйтіп, аяқ астынан журналдың басшысының басына қара бұлт үйіріледі. Рас, өтірігін қайдам? Осы оқиғаға байланысты Әлімхан Ермеков тікелей Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың өзіне кіріп: «Мен үшін мына бала босқа күйіп кетпесін» деп ара түсін, журналдың Бас редакторы Талап Сұлтанбековты аман алып қалған деседі» [7, 12 б.], – деген деректі алға тартады. Бұдан шығатын қорытынды, XX ғасырдың 60 жылдардың аяғында Алаш қайраткерлерінің ұлты үшін жасаған ерліктері жабулы қазан күйінде қалуын қалаған кеңестік билік өзінің қол шоқпарлары арқылы от көсеп отыр деп санаймыз.

Ә. Ермеков Алаш қайраткерлерінің ішінде әлі де толыққанды зерттелмеген тұлға Мәмбетәлі Сердалин жайлы: «Мәмбетәлі Сердалин (Шөбеков) 1866-шы жылы Ақмола облысына қарасты Көкшетау уезінің Шалқар болысындағы №1 ауылда туған. Бұл қазіргі Володар ауданындағы Айыртау, Сырымбет тауларының маңындағы жасыл желекке малынған орманды-тоғайлы жерлер. М. Сердалиннің шыққан тегі – шынжыр балақ, шұбар төс дейтін ауқатты әулеттен. Ұлы атасы Шөбек Байсарин патша үкіметінен шен-шекпен, награда алған адам.

Сұлтан Шыңғыс Уәлихановтың жетегінде болып, хан әулетінің оқыған мұрагерін төңіректеген Шөбек тұқымына мұның әсері тимей қоймайды. Үрім-бұтағының келешек алаңсыз, баршылық-тоқшылықта өмір сүруі үшін орыс оқуының ауадай қажет екендігін түсінген Шөбек өз нәсілдерінің де орысша сауатты болуын тілеген. Атаның осы арманын жүзеге асыру міндеті Мәмбетәлінің үлесіне тиді де ол Көкшетаудағы үш кластық училищені бітіріп шығады. Бұдан кейін 1884 жылы Омбының техникалық училищесіне оқуға түседі. Бірақ оқу орнын бітіретін 1889-шы жылы саяси сеіімсіз адамдармен байланыс жасағаны үшін училищеден қуылады. Содан бастап үнемі полиция бақылауында болады.

М. Сердалиннің жарық көрген ғылыми еңбектері де болған. Олар: «Қазақ жерін арендау» Омбы, 1900 ж; «Қарсақпай кендерін пайдаға асыру», Омбы, 1901 ж; «Батыс Сібір далаларын мал шаруашылығы салалары арқылы пайдаға асыру мәселелері туралы», «Орыс өнеркәсібі мен саудасына ықпал ететін Қоғамның еңбектері» 25 т. СПб 1904 ж. т.б. Ол бұл еңбектерінде қазақ жерін шетел капиталистеріне беруге наразылық білдіреді. Қазақ елінің экономикасы мен саудасын, мәдениетін өркендету мәселелерін көтереді. Сөйтіп, М. Сердалин де өз тұсындағы озық ойлы заман талабын сергектікпен сезініп түсіне білген прогрессивті пиғылдағы зерделі азаматтардың бірі болған» [5, 18 б.], – деп көптеген тың деректерді сөйлетеді.

Журналист Н. Мағзұмов Мәмбетәлі Сердалин өмірі өткен жолмен қайта жүріп, архив құжаттарын ақтарып тың деректер табады. Осы турасында: «Ә. Ермаков ақсақалмен арада болған осы әңгіме есімде жүретін мен 1980-ші жылы жаз айында Омбының облыстық архивінде Мәмбетәлі Сердалин (Шөбеков) жайлы материалдар қарап отырып, Әлихан Нұрмұхамедовтың да есімін бірнеше ұшыраттым. Бірде оның оқу үлгерімі жөніндегі мәліметке тап болдым. Мәмбетәлі Сердалин 1885 жылы училищенің ІІ курсінде оқып жүргенде Әлихан Нұрмұхамедов І курсінде оқыған» [5, 18 б.], – деп архив деректерін келтіреді. Осы деректерден көргеніміздей Ә. Бөкейхан мен М. Сердалин Омбыда оқып жүрген кезінен таныс екенін білеміз.

XX ғасыр басында Ресей империясы Столыпіннің аграрлық реформасының нәтижесінде қазақ даласында жер мәселесін ушықтырып жіберді. Осындай құйтыртқы жер саясаты құрбанына М. Сердалиннің де ағайын-туыстары ұшырайды. Бұл заңсыздыққа шыдамаған көзі ашық М. Сердалин барлық инстанцияларға барып олардан түк шықпағаннан кейін Санкт-Петербург қаласына келеді. Қалаға келгеннен кейін Ә. Бөкейханды тауып алып жағдайын айтады. Ә. Бөкейхан ертеңінде Б. Қаратаевқа жолығып, Думаның фракциясынан бастап, түрлі партиялар мен министрлік табалдырығын тоздырады. Алайда бұл іс әрекеттерінен түк шықпайды. Салдары суға кеткен кезеңде Солтүстік Кавказдың Тер облысынан сайланған депутат, кадет Караулов кездеседі. Есендік-саулықтан кейін:

– Александр Николаевич (орыс жолдастары Әлиханды солай атайтын) ұнжырған түсіп кетіпті ғой. Соншама жүдейтіндей не күн туды саған? – деп қалжындайды. Өзі сіркесі су көтере алмай, қажып келе жатқан Әлихан:

– Бізді келеке қылғың келе ме? Қой ондай қалжыңды? Тап қазір оның уақыты емес, – деп реиіш айтады кейіп.

– Не болды өзі, сонша түңілетіндей? Түсіндірші дұрыстап?.. Бәлкі менің септігім тиер оған.. Шын айтамын, түсіндірші, не болды? – дейді де Караулов бұл екеуін пәтеріне шақырады. – Жарайды, ең әуелі тынығып, дем алындар. Александр Николаевич, алдымен сен өзің сабаңа түсші. Сонсоң реттелер бәрі де. Үмітсіз – шайтан деген, шаруаларыңды жасырмай айтыңдар маған. Сәті түссе, менің өзім-ақ реттеп тастармын, – деп тағы да сөзінің сонын ойынға шаптырып, қалжыңға айналдырады.. Бұл екі ортада, ол қызметшілеріне дастархан мәзірін жасатып жатыр еді.. Кішкене тынығып дем алып, өздеріне-өздері келген соң екеуі бар болған жайдың бірін қалдырмастан жайып салады. Мұны тыңдап болғаннан кейін Караулов:

– Иә, қиын екен жағдайларың, – деп біраз отырады ойланып. Сонсоң кенет басын жұлып алып:

– Александр Николаевич, қасындағы мына қазақ өзі рас Ақмола облысынан ба? – деп сұрайды.

– Сол облыстан. Бірақ оның бұл іске қатысы бар?

– Қатысы болған соң сұрап отырмын ғой.. Сен сәл сабыр ет. Үміттің бір ұшқыны жылтырайтын сияқты.. Ертеңге дейін күте тұрыңдар. Жауабын түсте беремін. Бүгін осымен қош айтыса тұрайық. Бұл жігітіңіз тек Ақмола облысынан екендігі шын болса болғаны.. Ал хош-сау болыңдар, – деп меймандарын үйлеріне жібереді....

Екеуі аң-таң, ойлары он-саққа бытырап, Карауловпен арада болған әңгімеден еш байланыс-арқау таба алмай, бір жағы бұдан бірдене шығады-ау деп көңіл тоқтатып сене алмай, ұзақ танды кірпік ілмей өткізеді.

Екінші күні келісілген уақытта пәтеріне келген Әлихан мен Мәмбетәліге Караулов былай дейді:

– Шөбеков мырзаны патша қабылдайды. Бірақ өте қысқа уақытқа. Бір-екі-ақ минутқа. Арыз жазып апару керек, алты жолдан аспасын. Не айтпағын, не өтінін сұрайтынын, осы алты жолға сиғызатын болыңдар. Екі күннен кейін маған келіңдер» [5, 18 б.]. Осы айтылып отырған, Караулов Василий Андреевич (1854-1910) – қоғамдық-саяси қайраткер, кадет партиясы көшбасшыларының бірі, ІІІ Мемлекеттік Думаның депутаты [5, 18 б.].

Ә. Ермаковтің айтуынша: «Әлиханнның айтуы бойынша ең қиыны арыз жазу болған. Айтпақ арыздары да, өтінбек сұрақтары да, оған қосса «Әділет, шындық» іздеген, баяғыдан бері армансыз ағытып, жеткізсек пе деп, талай бармақтарын тістеп, зығырдандарын қайнатып жүрген ішкі айғай-қыжылдары да көп еді. Өттең... Алты жолдық арызға нені сидырарсың? Нені айтып, нені арыз етерсің? Іште қайнаған, көңілде сайраған көп жайлар жінсіз байланып тұсалды деген осы да. Олар ақыры екі тәулік бойы күні-түні ойланып-толғанып арыздарын айтулы алты жолға эзер сидырып Карауловке келеді ғой. Сонымен уәделі күні сол сағатында патшаның қабылдауына барады.

Мәмбетәлінің кіруінен шығуы тез болған. Олардың ұйқы-күлкі көрмей екі тәулік бойы әлектенген алты жолдық арызына үш-ақ сөзбен: «Безобразие. Вернуть. Николай» деп бұрыштама қойған. Өне жаман Николайыңыз сөйтіпті, – деп Әлекең рахаттана күліп алды. – Тегінде ол кездегі іс қағаздарында, әкімшілік-кеңсе жұмыстарында көпсөзділік әдетке айналдырмаса керек», [5, 18 б.] – дейді. Бұл естеліктен шығатын түйін, Ақмола облысының тумасы М. Сердалиннің ағайын-туысының жері ғана қайтқан жоқ, барлық қазақ даласының түкпірдегі ұлттар мен қазақ халқының көкейтесті өмірлік жер мәселесіндегі заңсыздықтар мен келеңсіздіктерді патшаға дейін жеткізген Ә. Бөкейханның саясаткерлік, қайраткерлік көрегендігі жатқан еді.

Ә. Бөкейхан Столыпин аграрлық реформасы қазақ халқының жерлерін қарқынды түрде отарлау процесі барысында өз жерінде тұрғылықты қазақ ұлтының үлес салмағы да азайатынын жан жүрегімен сезген. Ә. Бөкейханның қазақтың ұлтарақтай жер үшін болған осы мысалынан қазақ жерін отарлау саясатына қарсы бағытталған нақты бір қадам деп санаймыз. «Жер – ел ырысы» деп жанын шүбіреке түйе жүріп жерді ғылыми тұрғыдан зерттеу мақсаттарында экспедицияларға қатысқандарын да жақсы білеміз. Қарап отырсақ бізге осы естелікті айтқан Ә. Ермаковтің өзі де қазақ шекарасының шегенделуі мен тұтастығы үшін күрескен тұлға. Ал осы істің басы-қасында мұқым Алаштың айбыны Әлихан Бөкейхан тұрған еді.

Сондықтан да Ә. Ермаковтың осы естелігінің тарихи тұрғыдан саралағанда атқаратын мәні мен маңызы өте зор. Қазақ халқының санасында «Жер тағдыры – ел тағдыры» деген бағзы заманнан қалыптасқан түсінік бүгінгі тәуелсіз елімізде де өз өзектілігін жоймайды.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Естеліктегі Алаш: Әдеби-танымдық басылым. / Құраст. С.Б. Жұмағұл. / 1-басылым / – Қарағанды, ЖШС «TENGRILtd», 2018. – 676 б.
2. Кыдыралина Ж.У., Алимхан Ермаков / Под общ. ред. док. ист. н., проф. Б.Г. Аягана. – Алматы: ТОО «Литера-М». 2012. – 320 стр.
3. Өскембаев Қ.С. Әлімхан Ермаков: Тұлға тағылымы. / – Қарағанды, «Арқо» баспасы, 2013. – 340 б.
4. Бектұров Ж. Үш Әлекең // Бектұров Жайық. Шығармалары. / Құраст. және редактор Н. Оразбек. – Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі, 2013. – 401 б.
5. Мағзұмов Н. Патшаға жазылған алты жол арыз // Парасат. 1990. – қаңтар.
6. Нұрсұлтанов Қ. Әлімхан Ермаков // Білім және Еңбек. 1967. – №6.
7. Әшірбек Амангелді «ЕСЕП» партиясын құрған... Ұлтжанды азамат, күрескер ақын Бүркіт Ысқақовты білесіз бе? // Алматы ақшамы. 2016. – ақпан.
8. Караулов Василий Андреевич // Энциклопедия «Всемирная история». 10.11. 2021 ж. https://w.histrf.ru/articles/article/show/karaulov_vasilii_andrieievich